Әділет

# Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 373 "Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 маусымдағы N 614 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 шілдеде N 14-7-123 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы N 187 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011.02.14 N 187 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылдың 31 наурыздағы № 259 «Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы» Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы № 373 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-7-79 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 3 маусымдағы «Мақтаарал» газетінің № 23 санында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының 7-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын: «Жастар тағылымдамасына қатысушылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансферттерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді.».

2. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И.Тұрашевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Қ.Хаметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК